

*Тәрбиелік*

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Болашақ балабақшасы

Топ «Қызғалдақ» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 04-08 наурыз 2024 жыл

#### Сәрсенбі

**Тақырыбы:** «Музыка бояулары» ойыны

**Мақсаты:** Музыка сипатын ажырату. Ән, Би, Вальс, Марш жанрларын ажырата білуге ықпал ету.

**1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.**

Жасыл түс-ән айту, Қызыл түс-көңілді билеу, Сары түс-вальс ырғағы, Көк түс-марш ырғағы екенін түсіндіру. Музыкалық шығарма тыңдалады, бірнеше рет қайталап, желпуіштермен жаттығу жасай білуге үйретеді. Балалар түрлі жанрдағы музыканы тыңдап, желпуіштерді көтеруге үйренеді.

**2. Ән айту.** «Балапан»

Әннің мәтінін үйрету.

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Болашақ балабақшасы

Топ «Қызғалдақ» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 11-15 наурыз 2024 жыл

### Сәрсенбі

**Тақырыбы:** «Ғажайып үйшік»

**Мақсаты:** Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу.

**1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.**

Балаларға үйшіктің және қоян, балапан, бақа, күшік, т.б. суреттері ұсынылады.

**2. Ән айту.** Музыка жетекшісі «Жоғарығы шығымын» деп әндетеді. Балалар әуенді қайталап, өздері қалаған суретін басқышпен жоғарыға жүргізеді. Үйшікке жақындап, «Қандай ғажап үйшік?» деп әндетеді. Келесі кезекте терезеден сурет көрсетіліп, балалар әуенді тыңдап, сәйкес келетін аңдардың, жануарлардың, балапанның, бақаның, т.б. суреттерін басқыштармен жүргізіп, үйшікке кіргізеді. Балалар терезеден көрінген суретке қарап, олардың қимыл-қозғалысын

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Болашақ балабақшасы

Топ «Қызғалдақ» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 18-22 наурыз 2024 жыл

### Сәрсенбі

**Тақырыбы:** «Әуенді сағат» ойыны

**Мақсаты:** Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады

**1. Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.**

**Ойынның шарты:** Әртүрлі шығармадағы кейіпкерлер суреті салынған сағат бейнелі карточкалар беріледі. Жетекші таныс ән немесе әуенді ойнап, балалар «Әуенді сағаттан» сол әннің мазмұнын сай суреті сағат тілін қозғау арқылы тауып береді.

**2. Ән айту.** «Тұлпарым»

Әннің мәтінін үйрету.

**3. Музыкалық-ырғақты қимыл:** Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату.

### Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Болашақ балабақшасы

Топ «Қызғалдақ» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 25-29 наурыз 2024 жыл

#### Сәрсенбі

**Тақырыбы:** «Бұл қай кезде болады?» **Мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу.

**1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.**

Балаларға жылдың төрт мезгілі бейнеленген суретті карточкалар таратылады. Шығармаларды тыңдап, мазмұнына, мәтініне сәйкес суретті карточканы көрсете білу.

**2. Музыка тыңдау:** «Ботақан»

Әннің мәтінін үйрету.

**4. Музыкалық-ырғақты қимыл:** (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату)